

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік білім тапсырысының негізінде жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастырудың жаңа моделі туралы <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 24 сәуір N 464. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 25 наурыздағы N 264 қаулысымен

Ескерту. Тақырыбы және кіріспе жаңа редакцияда, мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.29. N 315 қаулысымен .

Мемлекеттік білім тапсырысының негізінде жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастыру процесін реттеу оларға түсетін адамдарға қойылатын талаптардың біркелкілігін және халықтың барлық жіктері үшін жоғары кәсіби білімге қол жетімділіктің бірдей мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: <*>

1. Білім және ғылым министрлігі:

1) 1999 - 2000 жылдары:

тестілеудің нәтижелері бойынша сертификаттар беру арқылы мемлекеттік білім тапсырысының негізінде жоғары оқу орындарында жоғары білім алуға тілек білдірген азаматтарды кешенді тестілеуді жүргізуді;<*>

жоғары білім алу үшін мемлекеттік сертификаттардың баллдарына сәйкес - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған жоғары білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыстың көлемінде, заңдарға сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктерді ескере отырып конкурстық негізде мемлекеттік білім беру гранттарын және мемлекеттік білім беру несиелерін беруді;

мемлекеттік білім гранттары мен мемлекеттік білім несиелерінің иелеріне өз қаулыларына орай таңдаған мамандығы бойынша оқу үшін меншік нысандарына қарамастан және мемлекеттік аттестациядан өткен жоғары оқу орнын таңдау мүмкіндігін; <*>

селоның әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырыстың кемінде 30 проценті мөлшерінде селолық мектептерді бітірген азаматтарды жоғары оқу орындарына қабылдауға арналған квотаны;

мемлекеттік білім беру гранттары мен мемлекеттік білім беру несиелерінің иелері үшін жоғары оқу орындарына бірінші кезекті қабылдауды көздейтін

мемлекеттік жоғары оқу орындарының (бұдан әрі - ЖОО) студенттік контингентін қалыптастырудың жаңа моделіне кезең-кезеңмен көшуді қамтамасыз етсін;

2) бір айлық мерзім ішінде студенттік контингентті қалыптастырудың жаңа моделін ескере отырып Жоғары оқу орындарына студенттерді қабылдаудың үлгі ережесін бекітсін;

3) облыс орталықтарында, Астана, Алматы, Арқалық, Жезқазған, Жетісай, Семей, Талдықорған және Түркістан қалаларында 1999 жылы жоғары оқу орындарына түсуге тілек білдірген азаматтарды кешенді тестілеуді жүргізуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.29. N 315 қаулысымен.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.03. N 1009 қаулысымен.

Ескерту. 2-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 802 қаулысымен.

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.03. N 1009 қаулысымен.

Ескерту. 3-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 802 қаулысымен.

4 . < * >

5 . < * >

6 . < * >

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.15. N 770 қаулысымен.

Ескерту. 4,5,6-тармақтар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 802 қаулысымен.

7. Жоғары оқу орындарына студенттер қабылдаудың жаңа моделіне көшуді ұйымдастыру жөніндегі республикалық комиссия құрылсын, 1 және 2-қосымшаларға сәйкес оның құрамы мен ол туралы ереже бекітілсін.

8. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі: тиісті жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде осы қаулыға сәйкес азаматтарды кешенді тестілеу ұйымдастырылуы тиіс қалаларда жоғары оқу орындарының абитуриенттерін тестілеуді ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі аймақтық комиссиялар құрсын;

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесіп бұқаралық ақпарат құралдарында студенттік контингентті қалыптастырудың жаңа моделіне көшу жөніндегі жұмыстарды кеңінен көрсету үшін қажетті шаралар қабылдасын.

9. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері аймақтық

комиссияларға мемлекеттік жоғары оқу орындарына түсуге тілек білдіруші азаматтарды кешенді тестілеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қажетті көмек көрсетсін.

10. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бір ай мерзімде:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісім бойынша Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін;

жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастырудың жаңа моделіне көшуді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында қажетті нормативтік құқықтық актілер қабылдасын.<*>

Ескерту. 10-тармақ сөзбен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.15. N 770 қаулысымен

11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 470-1-жолмен толықтырылсын:

"470-1 "Республикалық тестілеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы қаласы".

12. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
24 сәуірдегі
N 464 қаулысына
1-қосымша

Жоғары оқу орындарына студенттер қабылдаудың жаңа моделіне көшуді ұйымдастыру жөніндегі республикалық комиссияның құрамы

Бектұрғанов
Нұралы Сұлтанұлы
төраға

- Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі,

- Ахметов Әшімжан - Қазақстан Республикасының Білім
Сүлейменұлы және ғылым вице-министрі, төрағаның
орынбасары
- Әбжаппаров Әбдімтәліп - Қазақстан Республикасының Білім
Әбжаппарұлы және ғылым министрлігі Жоғары білім
департаментінің директоры, хатшы
- Комиссия мүшелері:
- Амантаева Майра - "Қазақстан Республикасының Білім
Тұрғанқызы және ғылым қызметкерлерінің
кәсіподағы" қоғамдық
бірлестігінің төрайымы (келісім
бойынша)
- Жәмішев Болат - Қазақстан Республикасының Қаржы
Бидахметұлы бірінші вице-министрі
- Жұрынов Мұрат - Қ.А. Яссауи атындағы халықаралық
Жұрынұлы Қазақ-Түрік университетінің ректоры
(келісім бойынша)
- Нұрбеков Қосбасар - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Болатбекұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының
бірінші орынбасары (келісім
бойынша)
- Назарбаева Дариға - "Хабар" телекомпаниясының президенті
Нұрсұлтанқызы (келісім бойынша)
- Нәрібаев Көпжасар - Әл-Фараби атындағы қазақ
Нәрібайұлы мемлекеттік ұлттық университетінің
ректоры (келісім бойынша)
- Садықов Тоқмұхамед - Абай атындағы Алматы мемлекеттік
Сәлменұлы университетінің ректоры (келісім
бойынша)
- Алшанов Рахман - Білім мекемелері қауымдасты-
Алшанұлы ғының президенті;
- Отто Иван Иванович - Қазақстан Республикасының Ішкі
істер вице-министрі
- Жұмағұлов - Қазақстан Республикасының
Бақытжан Тұрсынұлы Білім және ғылым бірінші
вице-министрі;
- Рябченко - Қазақстан Республикасының
Олег Григорьевич Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім бірінші вице-министрі;

Қанаев
Серікжан Зиянданұлы

- Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі
Әкімшілік департаментінің

директоры

Ескерту. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.15. N 770 қаулысымен .

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.02.29. N 315
қаулысымен .

Ескерту. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.03. N 1009 қаулысымен.

Ескерту. 1-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.11. N 802 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі
N 464 қаулысына
2-қосымша

Жоғары оқу орындарына студенттерді қабылдаудың жаңа моделіне көшуді ұйымдастыру жөніндегі республикалық комиссия туралы Ереже 1. Жалпы ережелер

1. Жоғары оқу орындарына студенттерді қабылдаудың жаңа моделіне көшуді ұйымдастыру жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады .

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссияның құрамын жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді . < * >

Ескерту. 3-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.15. N 770 қаулысымен .

4. Комиссияның өкілеттік мерзімі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жоғары оқу орындарына кезекті оқу жылына студенттерді қабылдаудың аяқталған қорытындылары туралы есепті ұсынғаннан кейін тәмамдалады.<*>

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.15. N 770 қаулысымен .

2. Негізгі міндеттері мен өкілеттігі

5 . К о м и с с и я :

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастырудың жаңа моделіне көшуді қамтамасыз ету;

жоғары оқу орындарының абитуриенттерін тестілеуді ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі аймақтық комиссиялар мен жоғары оқу орындарының қабылдау комиссияларының жұмысын бақылауды жүзеге асыру;

тестілеудің нәтижелері бойынша мемлекеттік сертификаттар беру арқылы жоғары білім алуға тілек білдірген азаматтарды кешенді тестілеуді жүргізу:

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген квоталар мен жеңілдіктерді ескере отырып, кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысқа сәйкес мемлекеттік сертификаттарының иелері арасында мемлекеттік білім беру гранттары мен мемлекеттік білім беру несиелерін алуға конкурс өткізу мәселелері жөніндегі ұсыныстарды пысықтайды.

6. Білім және ғылым министрлігі тиісті жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жоғары оқу орындарының абитуриенттерін тестілеуді ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі аймақтық комиссиялар құрады.<*>

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.29. N 315 қаулысымен .

3. Жұмысының ұйымдастырылуы

7. Комиссия өзінің төрағасы бекіткен күнтізбелік жоспарға сәйкес жұмыс і с т е й д і .

Комиссияның хатшысы жұмыс жоспарын, отырыстардың күн тәртібін жасайды, Комиссия мүшелерінің өзара іс-қимылын ұйымдастырады және іс қағаздары үшін жауап береді.

8. Комиссияның отырысы, егер оларға оның мүшелерінің жалпы санының 2/3 астамы қатысса, заңды деп саналады.

9. Комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері санының қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады және Комиссияның төрағасы мен мүшелері қол қоятын отырыстың хаттамасымен ресімделеді.

10. Комиссия отырыстарының аралығындағы кезеңде оның ұйымдастырушылық мәселелерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары білім департаменті шешеді.<*>

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.29. N 315 қаулысымен.